

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ
2018 ЖЫЛҒЫ 30 ҚАҢТАРДАҒЫ**

ҚАУЛЫСЫ

- 1. Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаевтың «2017/2018 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау туралы» ақпаратын тыңдай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:****

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1.1	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаевтың «2017/2018 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау туралы» ақпараты - <i>назарға алынсын.</i>		
1.2	Сессияның нәтижелерін кафедралардың кеңейтілген кеңесінде және Институт кеңестерінде талқылау	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ғ.К.Кенжебаев Тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі проректор Ж.Е.Ішпекбаев Институт директорлары Кафедра меңгерушілері	25. 02.2018
	Институттың кеңесінде төменгі жетістіктердің себептерін жою жөніндегі жоспарларды бекіту, оларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету		
	Жемқорлыққа қарсы комиссия отырысында «Академиялық шыншылдық кодексі», «Студенттер мен магистранттарға арналған этикалық кодексі», «Оқытушылар-профессор құрамына және Абай атындағы ҚазҰПУ қызметкерлеріне арналған этикалық кодекстерін», қысқы емтихан сессиясын өткізу ережелерін бұзу фактілерін талқылап, қажетті шара қабылдау		
	Университет ОПҚ дайындаған ауызша және жазбаша емтихан сұрақтары материалдарының, тест тапсырмалары мазмұнының типтік оқу бағдарламаларымен сәйкес болуын, дұрыс та, сауатты құрастырылуын қамтамасыз ететін әдістемелік нұсқаулық дайындау		28.02.2018
	2017/2018 оқу жылының көктемгі сессиясында ауызша емтихандарды өткізу және жазбаша жұмыстарды тексеру үшін мамандықтар бойынша кәсіби оқу пәндерінің бейімдеріне сәйкес, осы академиялық топта сабақ жүргізбеген жетекші мамандар, білікті профессорлар, доценттер ішінен емтихан қабылдаушылар тізімін бекіту		24. 04.2018

	Білім алушылардың оқу нәтижелерін және құзыреттіліктерін бағалауға мүмкіндік беретін көктемгі семестрдің барлық пәндері бойынша тест тапсырмаларын және емтихан сұрақтарына сараптама жұмыстарын ұйымдастыру		24. 04.2018
	Көктемгі сессия кезінде студенттік ортада «Таза сессия» акциясын тиімді ұйымдастыру		30.06.2018
1.3	Оқу үдерісінде «Универ» жүйесін енгізуде 100%-дық бағалау конвертациясын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын, пәндердің кодтарын стандарттауды қамтамасыз ету	Бірінші проректор М.А.Бектемесов Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмұрзаев Білімді ақпараттандыру департаментінің бастығы С.А.Махмұтов	
	Оқу үдерісі және емтихандар үшін бейне-мониторингке қажетті (видеокамералар, дыбыс оқшаунамалары(глушители), терминалдар) сапалы жабдықтарды орнату		24. 04.2018

2. Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаментінің директоры **Б.Қ. Дамитовтың** «Оқытушы білім алушылар көзімен» әлеуметтік зерттеуінің нәтижелері туралы » ақпаратын тыңдай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2.1 Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаментінің директоры Б.Қ. Дамитовтың «Оқытушы білім алушылар көзімен» әлеуметтік зерттеуінің нәтижелері туралы ақпараты - <i>назарға алынсын.</i>			
2.2	Ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында студенттер, оқытушылар арасында өткізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сараптамалық ақпарат дайындап, университеттің құрылымдық бөлімдеріне тарату	Бірінші проректор М.А.Бектемесов Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмұрзаев Тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі проректор Ж.Е.Ішпекбаев Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаментінің директоры Б.Қ. Дамитов Әкімшілік департаментінің директоры М.Б. Ибраимов Институт директорлары	25.02.2018
	Институт кеңесінде әлеуметтік сауалнама қорытындысын талқылау және кездескен кемшіліктерді жою іс-шараларын дайындау		25.02.2018
	Келесі оқу жылына арналған ОПҚ құрамының қызметін ауыстыру конкурсын ұйымдастыру жұмыстарына пайдалану мақсатында сауалнама нәтижелерін ескере отырып, жаңа Ереже дайындау		30.04.2018
	«Оқытушы білім алушылар көзімен» сауалнамасында этикалық норманы бұзуда жиі аталған оқытушылардың тізімін ұсыну		31.03.2018

Жемқорлыққа қарсы комиссия Департамент өткізген «Оқытушы білім алушылар көзімен» сауалнамасы нәтижелерін университеттің жемқорлық жағдайын бағалау жұмыстарында ескеру	үнемі
--	-------

3. Комиссия төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, дене мәдениеті мен спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі **А.Н. Ильсованың** Тарих және құқық институтының «Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы» және «Мемлекеттік және азаматтық құқықтық пәндер» кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы, даму болашағы туралы ақпаратын тыңдай отырып, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

3.1 Комиссия төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, дене мәдениеті мен спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі А.Н. Ильсованың Тарих және құқық институтының «Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы» және «Мемлекеттік және азаматтық құқықтық пәндер» кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы, даму болашағы туралы есебі - назарға алынсын.			
3.2	Бәсекеге қабілетті мамандар дайындап, халықаралық білім беру кеңістігінде интергациялау мақсатында 35 жасқа дейінгі жас ғылыми қызметкерлерді іргелі және қолданбалы зерттеулерге, инновациялық жобаларға тарту жұмыстары жүргізілсін	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Құлсариева Ғылым департаментінің бастығы С.К.Сахиев Институт директорлары Кафедра меңгерушілері	үнемі
	Институттардың ғылыми әлеуетін күшейту және академиялық, ғылыми қызметін біріктіруді арттыру мақсатында халықаралық ғылыми журналдарда мақала жариялауға («Web of science» «Scopus», Jstore) ОПК құрамын тарту		
	Студенттер мен магистранттардың халықаралық, республикалық ғылыми-студенттік конференцияларға, пәндік олимпиадаларға қатысуына сапалы дайындық үшін кафедралардың қызметі, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті жандандырылсын		үнемі
3.3	Жұмыс берушілермен білім бағдарламаларын, жұмыс оқу бағдарламаларын қалыптастырудағы байланысты күшейту	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбеков Институт директорлары	үнемі

3.4	Оқу-әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдарын уақытында дайындауға және жариялау жұмыстарына бақылауды күшейту	Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Ғ.К.Кенжебаев Институт директорлары Кафедра меңгерушілері	<i>үнемі</i>
-----	--	--	--------------

4. Экономика және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор **Б.Д. Құлжабаевтың** «Абай атындағы ҚазҰПУ инфрақұрылымының даму болашағы туралы» ақпаратын тыңдай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

4.1	Экономика және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Б.Д. Құлжабаевтың «Абай атындағы ҚазҰПУ инфрақұрылымының даму болашағы туралы» ақпараты - <i>назарға алынсын</i>		
4.2	Мемлекеттік сатып алу жоспарына бас № 6 корпусы күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарын және аумақты көгалдандырудың қаржылық өлшемін кіргізу	Экономика және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Б.Д. Құлжабаев	02.03.2018

V. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева